

**Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің А.Н. Сызғанов атындағы  
Қазақ клиникалық және экспериментальдық хирургия институтын қайта құру туралы**

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің қаулысы 17 маусым 1994 ж. N 671

Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің А.Н. Сызғанов атындағы Қазақ клиникалық және экспериментальдық хирургия институты Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің А.Н.Сызғанов атындағы Хирургия ғылыми орталығы болып қайта құрылсын.

2. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің А.Н.Сызғанов атындағы Хирургия ғылыми орталығының ғылыми және практикалық қызметінің мынадай негізгі:

өкпе, өңеш, асқазан мен бауыр, көкбауыр, ұлтабар аймағының жарақаттары мен ауруын анықтау және хирургиялық емдеудің жаңа әдістерін әзірлеу;

тәжірибе мен клиникада адам өмірінің аса маңызды органдарын ауыстырып салу әдістерін әзірлеу;

жүректің жүре пайда болған және туа біткен ақаулары мен ишимиялық ауруларын хирургиялық емдеудің жаңа әдістерін әзірлеу және практикаға енгізу;

қан тамырларына әртүрлі жарақаттар кезінде микрохирургия техникасын пайдаланып, пластикалық операция жасау әдістерін әзірлеу және жетілдіру, қан тамырлары ауруы мен жарақатының түрлерін анықтау әдістерін, қалпына келтіру операциясын қолдану көрсеткіштерін зерделеу және жетілдіру;

анестезияның жаңа түрлерін әзірлеп, оны практикаға енгізу,

хирургияның барлық саласында анестезиологиялық және реанимациялық қамтуды жетілдіру;

- хирургия, анестезиология мен реаниматология бойынша ғылыми және ғылыми-педагогикалық кадрларды даярлау мен дәрігер-хирургтердің біліктілігін арттыру бағыттары белгіленсін.

3. Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігі бір ай мерзім ішінде Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің А.Н. Сызғанов атындағы Хирургия ғылыми орталығы туралы ережені бекітсін.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК